

**Интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектері, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы N 1511 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 06 ақпанда N 5-9-163 тіркелді. Күші жойылды - Глубокое аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 19 қазандағы N 461 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Глубокое аудандық әкімдігінің 2012.10.19 N 461 ( ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7-бабының 5-2), 5-5), 5-6) тармақшаларына сәйкес, халықты жұмыспен қамту саясатын іске асыру мақсатында, Глубокое аудандық әкімдік

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Глубокое ауданының кәсіпорындары мен ұйымдарында жұмыс орындарына квота белгіленсін:

1) мүгедектер үшін жұмыс орындарының жалпы санынан үш пайыз м ө л ш е р і н д е ;

2) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектері үшін бір пайыз м ө л ш е р і н д е .

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Глубокое ауданы әкімінің орынбасары М. Ж. Асамбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Глубокое ауданының әкімі*

*В. Кошелев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК